



**ШЕШІМ**

02.10.2024

Астана қаласы

**РЕШЕНИЕ**

№ 228/28-VIII

город Астана

**«Дене мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған паралимпиадалық жаттығу орталығы мен «Тарлан мұз айдыны қызметін ұйымдастыру» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2018 жылғы 12 желтоқсандағы № 338/42-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексі 163-бабының 2-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығына, Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 27 тамыздағы № 112-2763 қаулысына сәйкес және Астана қаласының Бюджет комиссиясы отырысының 2024 жылғы 4 маусымдағы № 11 хаттамысы негізінде Астана қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Дене мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған паралимпиадалық жаттығу орталығы мен «Тарлан мұз айдыны қызметін ұйымдастыру» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2018 жылғы 12 желтоқсандағы № 338/42-VI шешіміне (бұдан әрі – Шешім) келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған Шешімнің 1-тармағындағы:

«3 096 659 883 (үш миллиард тоқсан алты миллион алты жүз елу тоғыз мың сегіз жүз сексен үш)» деген сандар мен сөздер «3 044 346 883 (үш миллиард қырық төрт миллион үш жүз қырық алты мың сегіз жүз сексен үш)» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Астана қаласының әкімдігі осы шешімнің орындалуын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

**Астана қаласы  
мәслихатының хатшысы**



**Е. Каналимов**

Астана қаласы мәслихатының  
2024 жылғы 2 қазандағы  
№ 228/28-VIII шешіміне  
қосымша

Астана қаласы мәслихатының  
2018 жылғы 12 желтоқсандағы  
№ 338/42-VI шешіміне  
қосымша

2019-2028 жылдар аралығындағы кезеңде «Дене мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған паралимпиадалық жағтығу орталығы мен «Тарлан мұз айдыны қызметін ұйымдастыру» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер:

Көрсетілген қызметтерге төлем жүргізу кестесі

Қызмет түрі	Өлш. бірл.	Барлығы	2019 жиыны	2020 жиыны	2021 жиыны	2022 жиыны	2023 жиыны	2024 жиыны	2025 жиыны	2026 жиыны	2027 жиыны	2028 жиыны
Мүліктік жалдауды (жалға алу) іске асырғаны үшін төлемдер	теңге	3 044 346 883	250 969 530	219 369 077	284 460 063	295 593 796	288 886 000	287 086 604	338 800 660	347 593 622	357 285 012	374 302 519